


«У.Д. Қантаев атындағы
Мойнақ СЭС» АҚ
жалғыз акционері
«Самұрық-Энерго» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ
Хаттама № 10/22
15 шілде 2022 жыл



**«У.Д. ҚАНТАЕВ АТЫНДАҒЫ МОЙНАҚ СУ
ЭЛЕКТРОСТАНҢИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ**

ЖАРҒЫСЫ

Алматы облысы, 2022 жыл

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – «ҚР») заңнамаларына сәйкес әзірленді және бұдан әрі «Қоғам» аталатын «Қантаев У.Д. атындағы Мойнақ су электростанциясы» акционерлік қоғамының заңды тұлға ретінде құқықтық мәртебесін, атауын, орналасқан жерін, құрылу тәртібін және оның органдарының құзыретін, қайта құру және қызметін тоқтату талаптарын және ҚР заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да ережелерді анықтайды.

1 - бап. Жалпы ережелер

1. Қоғамның толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде - «У.Д. Қантаев атындағы Мойнақ су электростанциясы» акционерлік қоғамы;
- 2) орыс тілінде - акционерное общество «Мойнакская гидроэлектростанция имени У.Д. Кантаева»;
- 3) ағылшын тілінде - joint stock company «Moynak hydropower plant named after U.D. Kantayev».

2. Қоғамның қысқартылған атауы:

- 1) мемлекеттік тілде - «У.Д. Қантаев атындағы Мойнақ СЭС» АҚ;
- 2) орыс тілінде - АО «Мойнакская ГЭС им. У.Д. Кантаева»;
- 3) ағылшын тілінде - JSC «Moynak HPP n.a. U.D. Kantayev».

3. Қоғамның басқару органының орналасқан жері:

041400, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Кеген ауданы, Жылысай ауылдық округі, Мойнақ ауылы, ғимарат 81.

4. Қоғамның ұжымдық веб-сайты - www.moynak.kz

5. Қоғамның қызмет мерзімі шектеусіз.

6. Қоғамның қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

7. Қоғамның меншік формасы – жеке меншік.

2- бап. Қоғамның құқықтық мәртебесі

1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, оның дербес теңгерімі, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленіп, жүзеге асыра алады, жауапкершілік алып, сотта талапкер немесе жауапкер бола алады.

2. Қоғамның Қоғам атауы көрсетілген мөрі, мөртабандары және бланкілері болады, үлгілерін Қоғамның Басқармасы бекітіп, белгілі тәртіппен тіркейтін өз тауар белгілері және таңбалары болуы мүмкін.

3. Қоғам өз қызметін ҚР заңнамасына, осыосы Жарғыға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Қоғам ірі кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

5. ҚР заңнамасында қарастырылған тәртіпте Қоғам өзінің орналасқан жерінен тыс жерде заңды тұлғалар болып табылмайтын және Ереже негізінде Қоғамның тапсыруы бойынша және Қоғам атынан әрекет ететін филиалдар мен өкілдіктер құра алады, оларға өзінің меншікті мүлкі есебінен негізгі және

айналым қаражатын бере алады, сонымен қатар, коммерциялық емес ұйымдар, оның інінде мекемелер құра алады.

6. Қоғамның өзінің Жалғыз акционерінен бөлек мүлкі бар және ол өз мүлкі шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болады.

7. Қоғам өзінің Жалғыз акционерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болмайды. Жалғыз акционер Қоғам міндеттемелеріне жауап бермейді және ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметімен байланысты залал қаупін шекпейді.

3-бап. Қоғам қызметінің негізгі түрлері

1. Қоғам қызметінің мақсаты дербес шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде таза табыс алу болып табылады.

2. Қоғам тарапынан жүзеге асырылатын қызмет түрлері, гидроэлектростанция тарапынан электр энергияны өндіру, электр энергиясын тұтынушыға сату, электр қуатының жүктемені тасуға дайындығын қамтамасыз ету, электр қуатын реттеу және резервтеу болып табылады.

3. Қоғам жоғарыда аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажетті және тиісті, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған шарттар мен мәмілелерді жасасуға құқылы.

4. Лицензияның немесе басқа да заңнамамен белгіленген тәртіпте алу қажет болатын рұқсат түрінің болуын қажет ететін қызметтер түрлері тек сәйкес лицензияны немесе рұқсаттың басқа да түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылатын болады.

4-бап. Қоғамның Жарғылық капиталы

1. Қоғамның Жарғылық капиталы акционерлердің «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңнамасында (бұдан әрі - Заң) белгіленген талаптарға сәйкес анықталатын орналастыру бағалары бойынша номинал құнымен акциялар төлемін төлеуі арқылы құрылады және ҚР ұлттық валютасымен тұлғаланады.

2. Қоғамның Жарғылық капиталын арттыру ҚР заңнамасына және осыосы Жарғыға сәйкес Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

5- бап. Қоғамның құқықтары мен міндеттері

1. Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін Қоғам ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте мыналарға:

1) ҚР аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржылық мекемелерде ұлттық және шет елдік валюта шоттарын ашуға;

2) меншігінде оқшауландырылған мүлкінің, сонымен қатар дербес теңгерімінің болуына;

3) дивидендтер алуға;

4) өз атынан келісімдер (шарттар, келісімшарттар) жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге және жүзеге асыруға;

5) бағалықағаздар шығаруға;

6) басқа ұйым құруға немесе оның қызметіне қатысуға;

7) технологияларды, «ноу-хау» немесе басқа да зияткерлік меншік нысандарын және басқа да ақпараттарды иелену және пайдалану құқықтарын сатып алуға және ұсынуға;

8) ҚР аумағында және одан тыс жерлерде өз филиалдары мен өкілдіктерін құру, оларға меншік мүлкі есебінен негізгі және айналымдық қаражат беруге, олардың қызмет тәртібін анықтауға;

9) сотта талапкер немесе жауапкер болуға құқылы болады.

2. Қоғам өндірістік қызметті жоспарлаумен, қызметкерлердің еңбек ақысын төлеумен, Қоғамның бекітілген даму жоспарына негізінде материалдық-техникалық жабдықтаумен, әлеуметтік дамумен, кадрларды таңдау, орналастыру, даярлау және қайта даярлаумен байланысты барлық мәселелерді белгіленген тәртіпте өз бетімен шешеді.

3. Қоғамның ҚР заңнамасына сәйкес қазақстандық және шетелдік заңды және жеке тұлғалардан теңгемен немесе шетелдік валютамен қарыз қаражатын тартуға құқығы бар.

4. Қоғам міндеттемелерінің, мүлкінің және активтерінің барлығын немесе бір бөлігін кепілге қоюға құқылы.

5. Қоғам ішкі нормативтік техникалық құжаттамаларды әзірлейді және бекітеді.

6. ҚР заңнамасына сәйкес және кез келген түрдегі бағалы қағаздарды ұстаушылар алатын құқықтарға сәйкес Қоғам өз бағалы қағаздарын сатып алуға құқылы.

7. Қоғам мыналарға:

1) ҚР заңнамасын сақтауға;

2) белгіленген тәртіппен салықтарды және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлеу;

3) өз мүліктері шегінде міндеттемелері бойынша жауап беруге;

4) белгілі бір мәселелер бойынша Жалғыз акционер шешімімен белгіленген мерзімде және тәртіпте Жалғыз акционерге ақпараттар беруге;

5) ҚР заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болуға міндетті.

8. Қоғамның ҚР заңнамасында және осыосы Жарғыда көзделген басқа да құқықтары мен міндеттері болуы мүмкін.

6- бап. Акциялар және басқа да бағалы қағаздар

1. Қоғам акциялар және басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз үлгіде шығарылады.

2. Жай акция Жалғыз акционерге өзінің қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын береді. Жай акция, сонымен қатар, Жалғыз акционерге Қоғамның таза табысы болған жағдайда дивиденд алу құқығын және Қоғам таратылған жағдайда ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қоғам мүлкінің бөлігін алу құқығын береді.

3. Акция шығару шарттары мен тәртібі акция шығару проспектісімен

белгіленеді.

4. Жай акцияларға айырбасталатын жарияланған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды орналастыруға, сонымен қатар бұрын сатып алынған осы бағалы қағаздарды сатуға ниетті Қоғам бұл туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде заңда белгіленген тәртіпке сәйкес Жалғыз акционерге бағалы қағаздарды Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру (сату) туралы шешім қабылдаған органы белгілеген орналастыру (сату) бағасымен сатып алуға ұсыныс жасауға міндетті.

5. Қоғам акциялардан басқа құжатты және құжатсыз үлгіде басқа да бағалы қағаздар түрлерін шығаруға құқылы. Бағалы қағаздар шығару нысаны оларды шығару туралы шешім қабылдағанда анықталады.

6. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

7. Қоғам ҚР заңнамасына сәйкес Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін Қоғамның басқа түрлі акциясына алмастыруды жүзеге асыруға құқылы.

8. ҚР заңнамасына сәйкес Қоғам Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен өзінің әрі қарайғы қызметі үшін қаражат тарту мақсатында облигациялар шығаруға құқылы.

9. Облигацияларды шығару, орналастыру, оларды айналдыру, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды сатудан түскен қаражатты пайдалану шарттары мен тәртібі ҚР заңнамасымен және облигациялар шығару проспектісімен анықталады.

10. Қоғам өз акцияларын мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін жарияланған акциялар саны шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы өз акцияларын орналастыруға құқылы. Акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде Қоғамның жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акцияларының саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

11. Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеу үшін ҚР заңнамасында көзделген басқа жағдайларда ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) немесе басқа да мүліктер берілуі мүмкін. Ақшадан басқа түрде мүлікпен төлеу ҚР заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде қызмет ететін бағалаушы анықтаған баға бойынша жүзеге асырылады.

12. Егер Қоғамның орналастырылған акциялары төлеміне мүлікті пайдалану құқығы берілетін болса, мұндай құқықты бағалау Қоғам пайдаланған тұтас мерзімдегі осы мүлікті пайдалану төлемінің мөлшеріне байланысты болады. Аталған мерзім өткенге дейін Қоғамның Жалғыз акционерінің келісімінсіз мұндай мүліктен айыруға тыйым салынады.

13. Қоғамның акция ұстаушыларының тізілімі жүйесін жүргізуді орталық депозитарий ғана жүзеге асыра алады.

14. Қоғамның акциялары мен басқа да бағалы қағаздарын кепілге қою мәселесі ҚР заңнамасымен және тиісті кепілшартпен реттеледі.

15. Қоғамның акция ұстаушыларының тізілімі жүйесін жүргізу, сонымен қатар, бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға беру (бұдан әрі – өкілетті орган) тәртібі, олар бойынша ақпарат ҚР бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен (номинал ұстаушыны есепке алу жүйесі) анықталады.

16. Қоғам орналастырылған акциялардың толық төлемін алғанға дейін осыосы акцияны Қоғамның акция ұстаушылары тізілімінде иеленуші есебіне жатқызу туралы бұйрық шығара алмайды.

17. Қоғам тек мынадайбағалы:

- 1) кепілге берілетін бағалы қағаздар толық төленген;
- 2) Қоғамға кепілге берілетін және онда кепілде болатын акциялардың жалпы саны Қоғам сатып алған акцияларды есептемегенде Қоғамның орналастырылған акцияларының жиырма бес пайызынан аспаған;
- 3) акцияларды кепілге беру туралы шартты Жалғыз акционер мақұлдаған жағдайларда ғана орналастырған бағалы қағаздарын кепілге қабылдай алады.

7. бап. Дивидендтер

1. Қоғамның таза табысы (салықтар мен басқа да бюджетке міндетті төлемдерді төлегеннен кейінгі) Жалғыз акционер шешімімен анықталған тәртіпте үлестіріледі.

2. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жыл қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

3. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

4. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғам акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

5. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

6. Қоғам акциялары бойынша дивидендтерді төлеуге тек осындай төлем Қоғамның жарияланған акциялары және шығарылған облигациялары бойынша Жалғыз акционердің атқарушы органының жазбаша келісімі болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

7. Келесі жағдайларда Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

1) жеке капитал мөлшері теріс шамалы болғанда немесе Қоғамның жеке капиталының мөлшері акциялар бойынша дивиденд есептегеннен кейін теріс мәнге ие болатын жағдайда;

2) егер ол ҚР банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздік және жағдайсыздық белгілеріне сай болса немесе осы белгілер Қоғамда акциялар бойынша дивидендтер есептегеннен кейін пайда болатын болса.

3) ҚР заңнамасында қарастырылған өзге де жағдайларда.

8. бап. Қоғам органдары

1. Қоғам органдары:

жоғарғы орган - Жалғыз акционер;

басқару органы – Директорлар кеңесі;

алкалық атқарушы орган – Қоғамның Басқарма Төрағасы басқаратын Басқарма;

2. Қоғамның барлық дауыс беру акциялары Жалғыз акционерге тиесілі болғандықтан акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңмен және осы Заңмен акционерлердің жалпы жиналысы күзіреттілігіне жатқызылған

мәселелер бойынша шешімді Жалғыз акционер өзі қабылдайды және ол жазбаша түрде рәсімделуге тиісті.

9. бап. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері

1. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары:

- 1) ҚР заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысу;
- 2) дивидендтер алу;
- 3) Қоғам қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде Жалғыз акционер және немесе осы Жарғы анықтаған тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысу;
- 4) Орталық депозитарийдан немесе нақты ұстаушыдан бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алу;
- 5) Қоғам органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулау;
- 6) үлестес ұйымдар тұрғысында Қоғам қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде құпия сипаттағы ақпараттарды сұраныспен белгіленген мерзімде немесе Қоғам сұранысты алған сәттен бастап отыз күнтізбелік күннен кеш емес уақыт ішінде алу;
- 7) Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бөлігін алу;
- 8) ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте өз акцияларына иелендірілатын Қоғам акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықты сатып алу құқығы;
- 9) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;
- 10) өз есебінен Қоғам аудитін аудиторлық ұйымдастыруды жүргізуді талап ету;
- 11) Қоғамға оның қызметіне қатысты жазбаша сұраныстар бағыттау және сұраныспен белгіленген мерзімде немесе Қоғам сұранысты алған сәттен бастап отыз күнтізбелік күннен кеш емес уақыт ішінде себепті жауаптар алу;
- 12) Қоғам өкілдерімен Жалғыз акционердің негізгі құқықтарының сақталуы және ұжымдық басқару саясаты мәселелерін талқылау;
- 13) ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте өз құқықтарының бұзылуы үшін өтемақы алу;
- 14) ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда өз атынан сот органдарына жүгініп, Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірген шығындарының орнын толтыруын және Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) үлестес тұлғаларының жасалуына мүдделі келісімдерді және (немесе) ірі келісімдерді жасауы (жасауды ұсынуы) туралы шешім қабылдауы нәтижесінде алған пайдасын (табысын) қайтаруды талап ету.

2. Жалғыз акционердің атқарушы органы Қоғамды ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы мәселені қарастырады;

3. Жалғыз акционер міндеттері:

- 1) ҚР заңнамасымен көзделген тәртіпте акциялар төлемін төлеу;
- 2) Қоғамның акция ұстаушылары тізілімі жүйесін жүргізуге қажетті міндеттердің өзгерісі туралы Жалғыз акционерге тиісті нақты акция ұстаушыға немесе орталық депозитарийге он жұмыс күні ішінде хабар беру;
- 3) Қоғам және оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе

басқа да заңмен қорғалатын құпия болып табылатын ақпараттарды жария етпеу;

4) ҚР заңнамасына сәйкес басқа да барлық міндеттерді орындау.

4. Қоғам және орталық депозитарий Жалғыз акционердің Жарғының 1-тармағын бабының 3 тармақ 2) ішкі тармағында белгіленген талаптарды орындамау нәтижесі үшін жауапкершілікте болмайды.

10. бап. Жалғыз акционердің айрықша құзіреттілігі

1. Жалғыз акционердің айрықша құзіреттілігіне келесі мәселелер қатыстылады:

1) Қоғам Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оның жана басылымын бекіту;

2) Қоғамды ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы;

3) Қоғамның жарияланған акциялары мөлшерін арттыру немесе Қоғамның жарияланған орналастырылмаған акциялары түрін өзгерту туралы;

4) Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау және оларды өзгерту туралы;

5) Қоғамның жай акцияларына айналдырылатын Қоғамның бағалы қағаздарын шығару туралы;

6) Орналастырылған акцияның бір түрін басқа түрге айырбастау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін анықтау;

7) директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, директорлар кеңесі мүшелерінің шарттарын анықтау және жұмысты атқарғаны үшін, олардың міндеттерін өтеу үшін шығыстарды және сыйақы төлеудің мөлшерін анықтау, Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау;

8) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережелерін бекіту;

9) Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілік өлшемдерін бекіту;

10) Қоғам басқармасының сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның Басқарма төрағасы мен Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;

11) Қоғамның Басқарма Төрағасы мен Қоғамның атқарушы органы мүшелерінің лауазымдық жалақысы мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйақы беру шарттарын анықтау;

12) Қоғам Басқармасы туралы ережені бекіту;

13) Қоғамның заңды тұлғалар құруға немесе олардың қызметіне қатысуы немесе жалпы қосындысы Қоғамға тиесілі активтердің жиырма бес және одан артық пайызын құрайтын активтерінің бір немесе бірнеше бөліктерін беру (алу) жолымен акционерлер (қатысушылар) қатарынан шығу;

14) «алтын акция» енгізу және жою;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам қызметкерлерінің иеленіп отырған лауазымына сәйкестік аттестатауын өткізу шарттары мен тәртібін белгілеу және мамандар қорын қалыптастыру, сонымен бірге, міндетті аттестациядан өтетін қызметкерлер тізімін бекіту;

16) Қоғамның Басқарма Төрағасының, Қоғамның атқарушы органы мүшелерінің өзге ұйымдарда жұмыс жасау мүмкіндігіне қатысты келісім беру туралы шешімді қабылдау;

17) Қоғамның Кадрлық саясатын бекіту;

- 18) Қоғам қызметкерлерінің жалпы штаттық санын, қызметкерлерге есебеақы төлеу схемасы, ұйымдастырушылық құрылымы мен штаттық кестесін бекіту;
- 19) Қоғамның дивидендтік саясатын бекіту;
- 20) Қызметтік жеңіл автокөліктердің тиістілік нормативтері мен әкімшілік аппаратты орналастыруға арналған аумақтың нормаларын анықтау;
- 21) іссапарға жіберілетін қоғам қызметкерлеріне шығындарды өтеу тәртібі мен шарттарын анықтау;
- 22) қызметкерлерге ұялы байланыс, тұтынушылық шығындар лимиттерін пайдалану құқықтары берілген жағдайда Қоғам есебінен өтелетін шығындар лимитін анықтау;
- 23) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 24) есепті қаржылық жылдағы Қоғамның таза табысын үлестіру тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау, Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін анықтау;
- 25) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 26) Заныға сәйкес Қоғам ұйымдаспаған нарықтан сатып алған жағдайда акция құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (бекітілмеген болса, әдістемені бекіту);
- 27) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 28) Қоғамның даму стратегиясын, Қоғамның даму бағдарламасын бекіту, сонымен қатар, Қоғамның даму стратегиясының жүзеге асырылу және даму бағдарламасының орындалу мониторингін жүргізу;
- 29) Кезеңге Қоғамның даму жоспарында (бизнес-жоспарында) жоспарланған бірінші күнтізбелік жылға Қоғамның бюджетін бекіту, сондай-ақ бекіту, түзету және орындалуын бақылау;
- 30) Қоғамның даму жоспары (бизнес-жоспар) шеңберінде (егер нақты бюджет болған жағдайда) Қоғамның (толық) бюджетін бекіту;
- 31) Басқарма Төрағасының және Қоғамның атқарушы органы мүшелерінің негізгі ынталандырушы көрсеткіштерін және мақсаттық мағынасын бекіту, сонымен қатар оларға жету мониторингісін жүргізу;
- 32) Қоғамның корпоративті басқару Кодексін бекіту, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізу;
- 33) Қоғамның қызмет нәтижелері туралы жылдық есебін бекіту;
- 34) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау және оның қызметі төлемінің мөлшерін белгілеу;
- 35) Қоғам акцияларына ерікті делистинг туралы шешім қабылдау;
- 36) Қоғамның лауазымды тұлғасының кінәсінен болған Қоғам шығындарын өтеу туралы Қоғамның лауазымды тұлғасына сотқа шағым жазу туралы шешім қабылдау;
- 37) Жалғыз акционерге Қоғам қызметі туралы ақпаратты беру тәртібі, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
- 38) Акционерлік қоғамның, нәтижесінде елу және одан да көп пайызы иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле жасау туралы шешімді қабылдау күніне құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені жасасуын мақұлдау туралы шешім қабылдау;
- 39) Ерікті түрде таратқан жағдайда тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту;

40) Шешім қабылдауы ҚР заңнамалық актілерімен және (немесе) осы Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылатын өзге де мәселелер жатқызылады.

2. ҚР заңнамалық актілерімен басқа жағдай қарастырылмаған болса шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзіреттілігіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, Қоғамның лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің құзіреттілігіне беруге жол берілмейді.

3. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының шешімдерін қайтаруға құқылы болады.

11. бап. Қоғамның Директорлар кеңесі

1. Қоғамның Директорлар кеңесі – ҚР заңнамасымен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзіреттілігіне жатқызылатын мәселелерден басқа Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын орган.

2. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен Директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттерін орындау кезеңінде сыйақы төленеді және Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері қызметін атқаруымен байланысты шығындары өтеледі. Мұндай сыйақы немесе өтемақы мөлніері Жалғыз акционер шешімімен белгіленеді.

3. Директорлар кеңесі өз қызметін ҚР заңнамасына, Жарғыға, Ұжымдық басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережелерге және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзіреттілігіне келесі мәселелер жатқызылады:

1) ҚР Заңымен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда, жарықтанған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, акцияларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешімді қабылдау;

2) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы, сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғам қызметінің нәтижелері туралы жылдық есепті алдын ала бекіту;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;

5) Қоғамның Жалғыз акционеріне өткен қаржылық жылдағы Қоғамның табысын үлестіру тәртібі туралы және Қоғамның бір жай акциясына табыс мөлшері туралы ұсыныс жолдау;

6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын белгілеу, сонымен қатар оларды шығару жөніндегі шешімді қабылдау;

7) Қоғамның Басқарма төрағасы мен атқарушы орган мүшелерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту;

8) Қоғамның корпоративті хатшысы өкілеттігін тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Қоғамның корпоративтік хатшысының лауазымдық жалақысының көлемі мен сыйақы беру шарттарын анықтау, Корпоративті хатшы жөніндегі ережені бекіту, Корпоративті хатшының қызметін бағалау, Корпоративті хатшының қызмет жоспарын және оның қызметі жөніндегі есептерді бекіту;

9) Қоғамның корпоративтік хатшысының қызметінің уәждемелік негізгі міндетшістерін және олардың мақсатты мандерін бекіту;

10) Комплаенс-офицерді тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ комплаенс-офицердің

ұжымдық жалақысының мөлшерін және еңбекақы төлеу шарттарын анықтау;
комплаенс-офицердің қызметкер туралы ережені бекіту, комплаенс-офицердің
қызметін бағалау, жұмыс жоспарлары мен сәйкестік жөніндегі қызметкердің
қызметі туралы есептерді бекіту;

11) Комплаенс-офицер қызметкердің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін
және олардың мақсатты мәндерін бекіту;

12) Қоғамды ұжымдық басқару тиімділігін бағалау, Қоғамның
Директорлар кеңесінің құзіреттілігіне жатқызылатын мәселелер бойынша
Қоғамды ұжымдық басқару жүйесіне өзгерістер енгізу немесе Қоғамның
Жалғыз акционеріне Қоғамның Жалғыз акционерінің құзіреттілігіне жататын
мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу;

13) Қоғамның Жалғыз акционеріне біліктілік критерилеріне және
Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіздік критерилеріне қатысты ұсыныстар
дайындау;

14) Қоғамның Жалғыз акционеріне Директорлар кеңесі мүшелерінің
сыйақы төлеу шарттары мен тәртібі, сыйақы мөлшері бойынша ұсыныстар
дайындау;

15) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғам аудитін жүзеге асыратын
аудиторлық ұйымға қатысты ұсыныстар дайындау;

16) Қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымға, Қоғам акциялар
төлеміне берілген мүліктердің немесе ірі келісім заты болып табылатын
мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушыға қызметі төлемақысы
мөлшерін анықтау;

17) Қоғамның омбудсменін тағайындау және өкілеттіктерін мерзіміне
бағын тоқтату, оның қызметін бағалау, сондай-ақ ол туралы ережені бекіту
және жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы есепті қарау;

18) Қоғамның жүріс-тұрыс кодексін бекіту, сондай-ақ оның ережелерін
қастығуын қамтамасыз ету;

19) Қоғам қауіптерін басқару саясатын бекіту;

20) Қоғам қауіптерін бағалау және сәйкестендіру ережелерін бекіту;

21) Қоғамның есепті саясатын бекіту;

22) Қоғамның сыртқы аудит бойынша саясатын бекіту;

23) Қоғамның ұжымдық әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатын
бекіту;

24) Қоғамның экология, еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы
саясатын бекіту;

25) Қоғамның ұжымдық келіспеушіліктерді реттеу саясатын және
Қоғамдағы мүдделер қақтығысын реттеу саясатын бекіту;

26) Қоғамның ақпараттық саясатын бекіту және оның тиімділігін
бағалауды жүзеге асыру;

27) Қоғам қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу тәртібін және сыйақы б
тәртібін бекіту;

28) Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік көмек көрсету ережелерін бекіту

29) Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою және аукцион жүр
шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;

30) Қоғамның Директорлар кеңесінің қызметін реттейтін Қоғам
Директорлар кеңесі туралы ережеден басқа құжаттарды бекіту;

31) Қоғамның жалпы қауіп-тәбетін, Қоғамның әрбір негізгі қау
іптілікке қатысты тұрақтылық деңгейлерін бекіту, деңгейлерді, қабылданатын қауіп
тәуелсіздік лимиттерін белгілеу, негізгі қауіп көрсеткіштерін бекіту;

32) Қоғамның тізілімін және тәуекел картасын бекіту, сонда
тәуекелдер туралы тоқсан сайынғы есептерді бекіту;

33) Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі рәсімдерін бекіту (Қоғамның ішкі құжаттарымен Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда);

34) Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және тиімділігін бағалау, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

35) Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның даму жоспарын және даму стратегиясын орындау мен жүзеге асыру туралы, Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу және олардың мақсаттық мәні туралы, Қоғамның негізгі қауіптері мен оларды басқару тиімділігі туралы басқарушылық тиімділігін беру тәртібі мен формаларын бекіту;

36) Қоғамның активтерін және Қоғам акцияларын тікелей немесе жанама түрде иеленетін (қатысу үлесі) заңды тұлғаларды басқару мәселелерін реттейтін құжатты бекіту (оның ішінде, қайта құрылымдау, қайта ұйымдастыру, тарату, иелену және/немесе иесіздендіру, сенімхатты басқаруға беру, ауырпалық салу және т.б.), оны жүзеге асыру мониторингін жүргізу және маусымды негізде осы құжатты қайта қарау;

37) Қоғамды корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарын бекіту және оның орындалуын бақылау;

38) ҚР заңнамасына және (немесе) осы Жарғыға сәйкес қабылдауы Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғамның Жалғыз акционерінің, Қоғам басқармасының құзіреттілігіне жатқызылған құжаттардан басқа Қоғамның ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту;

39) Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер бойынша ақпарат Жалғыз акционердің назарына жеткізілуі тиіс мәселелердің тізбесін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

40) Қауіпсіздік және еңбекті қорғау және өндірістік жарақаттану қауіпсіздігі есептерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

41) Мүдделілігі бар жасалған мәмілелер бойынша шешімдерді Қоғамның басқармасы қабылдаған есептерді қарау;

42) Қоғамның Кадрлық саясатының іске асырылуы, оның ішінде Кадр қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуы, әлеуметтік тиімділік рейтингі және персоналдың тартылу деңгейі және олар бойынша шешімдер қабылдау туралы есептерді жыл сайынғы шолу;

43) Қоғамның Директорлар кеңесі комитетін құру және құрамын анықтау, олар туралы ережені бекіту, Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің мүшелерін сайлау;

44) Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің қызметін бағалауды жүзеге асыру;

45) Қоғамның Басқармасы мүшелерінің және Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізімге сәйкес Қоғамның басқа да қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігін жоспарлау бағдарламасын бекіту;

46) Қоғамның шет елдік филиалдары мен өкілдіктерін құру мен жабу туралы шешім қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;

47) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан артық пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесімен) иелену (иесіздендіру) туралы шешім қабылдау;

48) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иліктеу операциясы) туралы шешім қабылдау;

49) Нәтижесінде Қоғаммен, Қоғам активтері құнының жалпы мөлшеріне он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алынатын немесе

ештетілетін (сатып алынуы немесе шеттетілуі мүмкін) мәміле немесе өзара бір-бірімен байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу жөніндегі шешімді қабылдау;

50) ҚР «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» заңына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі белгілеген тәртіптің негізінде, ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы мен Қоғам Жарғысына сәйкес Жалғыз акционер мен Қоғам Басқармасы қабылдайтын шешім бойынша мәмілені қоспағанда, Қоғамның ірі мәмілелерді жасауына мүдделі мәмілелерді жасасу жөніндегі шешімді қабылдау;

51) дербес капиталының он және одан артық пайызын құрайтын шамада Қоғам міндеттемелерін арттыру;

52) Қоғамның қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құқықтар сақтауды қамтамасыз ету және оны жариялау тәртібін бекіту;

53) Үшінші тұлғалар міндеттемелерін қамтамасыз ету, оның ішінде үшінші тұлғалар үшін дербес капиталдың жиырма бес және одан артық пайызы міндеттерінде кепіл мен кепілгерлік беру туралы шешім қабылдау;

54) Қоғам және оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпия болып есептелетін ақпараттарды анықтау;

55) Үшінші тұлғаларға айрықша құқықтар кешенін беру туралы шешім қабылдау (лицензиялық кешен), оның ішінде Қоғамның фирмалық атауын және қорғалатын коммерциялық ақпаратты пайдалану құқығы, сонымен қатар, басқа да айрықша құқық нысандары (тауарлық белгі, қызмет көрсету белгісі, патент және т.б.) (Кешенді кәсіпкерлік лицензия келісімі (франчайзинг));

56) Қоғамның бағалы қағаздар кепілдігі туралы келісімін мақұлдау;

57) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан артық пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлесімен) сенімхатты басқаруға беруі туралы шешім қабылдау;

58) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғам қызметінің нәтижелері туралы жылдық есеп құрамында Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысы туралы мәліметті дайындау және беру;

59) Қоғамның Жалғыз акционері қарастыратын мәселелерді белгілеу;

60) Тексан сайын Қоғамның қауіптерді басқару бойынша бөлімшелерінің Қоғамның негізгі қауіптерін сипаттаған және талдаған есептерін қарастыру, сонан соң қатар, Қоғам қауіптерін минималдау бойынша бағдарламалар мен іс-шараларды жүзеге асыру бойынша мәліметтерді қарау;

61) Қоғамның қауіпті басқару жүйелерінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту және Қоғамның қауіпті басқару жүйелерінің тиімділік көрсеткіштерін жыл сайын бағалау;

62) Қоғам Басқармасының Қоғам қызметі, оның ішінде қаржылық қызмет туралы ақпаратты беру тәртібі мен мерзімдерін белгілеу;

63) Қоғамның Директорлар кеңесінің келер жылдағы жұмыс жоспарын қабылдау;

64) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен саясатқа сәйкес Қоғамның қызметіндегі тұлғалары мен басқа да қызметкерлерінде туындайтын мүдделер қақтығыстарын және ұжымдық келіспеушіліктерді реттеуге қатысу және қауіпсіздік;

65) ҚР заңнамалық актілерімен және (немесе) осы Жарғымен көзделген, Қоғамның Жалғыз акционерінің айрықша құзіреттілігіне жатпайтын басқа да мәселелер.

5. Тізімі осы баптың 4 тармағында белгіленген мәселелер Қоғам Басқармасына шешу үшін берілмейді.

6. Қоғамның Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасы құрамына жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдай алмайды және Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдеріне қарсы шешімдер қабылдай алмайды.

7. 1)-6), 8)-11), 14), 17), 31-34), 46)-47), 50)-51), 56), 60)-61) тармақтарында көзделген мәселелер бойынша қаулылар. осы Жарғының 11-бабының 4-тармағы, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі айқындайтын басқа да мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің отырыстарында жеке өзі қабылдайды.

1. Директорлар кеңесінің міндеттері:

1) лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде әлеуетті мүдделер қатынасын қадағалау және мүмкіндігіне қарай жою, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және жасалуына мүдделі келісімдер жасасу барысында қара ниетті пайдалануды болдырмау;

2) Қоғамды ұжымдық басқару тәжірибесінің тиімділігін қадағалауды күштег асыру.

12. бап. Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып Қоғам акционері болып табылмайтын және Қоғамның Директорлар кеңесіне акционер мүдделерін таныту үшін ұсынылмаған (ұсынылмайтын) жеке тұлға сайлана алмайды. Мұндай тұлғалар саны Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамының есу пайызынан аспауы керек.

2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі тиісті емес:

1) ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе алынбаған қарызы болуы;

2) бұрын банкрот деп танылған немесе тоқтатып қоюға, санацияға, мәжбүрлі тәратуға ұшыраған заңды тұлғаның басшы қызмеркері болу, осы заңды тұлғаның банкроттығы, тоқтатылуы, санациясы немесе мәжбүрлі тәртіп туралы шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жыл басшылық қызметте болу.

3. Қоғам Басқармасы Төрағасынан басқа Қоғам Басқармасы мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғам Басқармасы Төрағасы Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы және өкілеттілік мерзімін Қоғамның Жалғыз акционері анықтайды. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы бес мүшеден кем болмауы керек, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттілік мерзімі үш жылдан аспауы керек. Бұл мерзім өткеннен кейін Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамын қайта сайлау керек. Қоғамның Директорлар кеңесінің санының үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

4. Тәуелсіз директор деп Қоғамның Директорлар кеңесінің заңмен белгіленген талаптарға және келесі талаптарға сәйкес мүшесі есептеледі:

1) Қоғам қаржыландыратын коммерциялық емес ұйымның үлестес тұлғасы немесе Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайды;

2) Қоғамға немесе Қоғамның үлестес тұлғаларына қайтарымды негізде мен келген түрдегі қызметті көрсетпейді;

3) бұрын немесе Директорлар кеңесіне сайланғанға дейін бес жыл ішінде Қоғам қызметкерлерімен жақын туыстық қатынаста (ата-анасы, ағасы, әпкесі,

... (жұбайының ағасы, әжесі, ата-анасы, ұлы немесе қызы) болмаса;

4) Қоғам қызметкері Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатын тұлғаның лауазымды тұлғасы болып табылмайды;

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына сайланғанға дейінгі бес жыл ішінде Қоғам аудитін жүргізген немесе жүргізетін ұйымның немесе осы ұйымның үлестес тұлғасының қызметкері немесе үлестес тұлғасы болып табылмайды;

6) Қоғам қабылдайтын шешімдерді анықтау мүмкіндігі бар тұлға бола алмайды және Қоғам қабылдайтын шешімдерді анықтау мүмкіндігі бар тұлғалардың жақын туысы, мұрагері, құқықтық мирасқоры немесе өкілі бола алмайды;

7) Қоғам акционерінің үлестес тұлғасы болып табыла алмайды;

8) Шет мемлекеттің заңнамалық, атқарушылық, әкімшілік немесе сот қызметінде қандай да бір лауазымы бар, сайланатын немесе тағайындалатын тұлға болмайды және шет мемлекеттің қандай да бір жария қызметін атқарып отырған тұлға бола алмайды;

9) Қоғамның Жалғыз акционері бекіткен басқа да критерилерге сәйкес болмайды.

13. бап. Директорлар кеңесінің комитеттері

1. Қоғамның Директорлар кеңесіне нұсқаулар әзірлеу және маңызды мәселелерді қарастыру үшін келесі мәселелер бойынша Директорлар кеңесі комитеттері құрылады:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) персонал мен сыйақы;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

2. Директорлар кеңесі комитеттері Директорлар кеңесі мүшелерінен және қажетті жағдайда комитетте жұмыс істеуге арналған қажетті кәсіби білімі бар тұлғалардан құралады.

Директорлар кеңесі комитетін Директорлар кеңесі мүшесі басқарады. Осы баптың бірінші тармағында көрсетілген Директорлар кеңесі комитеттерінің жетекшілері (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Қоғамның Басқармасы Төрағасы директорлар кеңесі комитетінің төрағасы болып табылмайды.

3. Директорлар кеңесі комитеттерінің құрылу және жұмыс тәртібі, құрамы қатар, олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

14. бап. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілік мерзімі

